

ӘОЖ: 639.112

М. М. Саденов, биология ғылымдарының кандидаты, доцент
Г. К. Жумагалиева, ветеринария ғылымдарының магистрі, оқытушы
Э. Е. Жуманазарова, Г. К. Нагимова, магистранттар
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., ҚР

БӨДЕНЕЛЕРГЕ ӘСЕР ЕТЕТІН СТРЕСТІК ФАКТОРЛАРДЫ АНЫҚТАУ

Аннотация

Мақалада бөденелерге әсер етуші бірнеше стрестік факторлар көрсетілген. Стрестік жағдайлардың әсерінен бөденелерде болатын өзгерістер берілген.

Түйін сөздер: бөдене, стрестік факторлар, құс, температура.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.А. Назарбаевтың 2050 жылға дейінгі бағдарламасында елді азық-түлікпен және шикізат өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында ауыл шаруашылығын дамытудың кешенді шаралары қарастырылған. Бағдарламада арнайы кешендерді, фермерлік қосалқы шаруашылықтарды дамыта отырып, алдағы уақытта мал шаруашылығы өнімдерін көбейту қарастырылған.

Құс шаруашылығы нарық сұраныстарын диеталық өнімдермен қамтамасыз ететін, аграрлық кешеннің үдемелі, жедел дамитын саласының бірі болып табылады. Қазіргі таңда Қазақстанда құс шаруашылығы қарқынды дамып келе жатыр, яғни құс өнімдеріне деген сұраныс артуда. Соңғы уақыттарда бөдененің еті мен жұмыртқасын пайдалану белең ала бастады. Қазірдің өзінде елімізде бөдене өсірумен шұғылданатын шаруашылықтар тіркелген, олардың еті мен өнімдері дүкен сөрелерінде көптеп орын алған. Санкт-Петербург радиациялық гигиена ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары ақ егеуқұйрыққа жүргізген тәжірибе кезінде оның бөдене жұмыртқасынан дайындалған тағамды жегенде сәуле ауруы жеңіл түрде болатынын дәлелдеді. Зерттеу кезінде олардың дене салмағы тұрақтанып, ауруға қарсы тұру қабілеті тез қалпына келіп, қан алмасу үдерісі жақсарғаны анықталған.

Бөденелерді адамдар ерте кезеңнен бастап қажеттілігіне пайдалана бастады. Шамамен 5000 жыл бұрын бөдене суретін Мысырдағы фреска кескіндемелерінде бейнелеген. Бөденелерді үйде ұстап, қолға үйретумен Жапония мен Қытай ертеректе шұғылданған. Жапонияда оларды ХІ ғасырда декоративтік-сәндік құс ретінде өсіре бастады, тек ХХ ғасырдың басында ғана оларды жұмыртқа мен ет өнімдерін алу үшін тәжірибелік мақсатта пайдалана бастады. Қазіргі уақытта Жапонияда бөдене шаруашылықтары жақсы дамыған. Мұнда жыл сайын 19 млрд-қа жуық бөдене жұмыртқасын алады.

Үй бөденелері – ауылшаруашылық құстарының тауық тұқымдастарының ішіндегілерінің ең майда кішкентай өкілі. Аналықтарының тірілей салмағы аталықтарының тірілей салмағынан шамамен 15 пайызға көбірек болуының басты себебі, жұмыртқа қалыптасу мүшелерінің және онда жұмыртқалар қалыптасудың әртүрлі сатысында болуы болып табылады. Аналықтары мен аталықтарының дене өлшемдерінде айтарлықтай едәуір айырмашылығы жоқ. Аналықтары кеуде қуысының тереңдігі және тілерсегінің ұзындығы бойынша ғана алда тұрса, кейбір өлшемдері (мойнының ұзындығы мен арқасы) бойынша олардан кейін тұрады [1].

А. Борцовтың мәліметтері бойынша, жапон бөденесінің жұмыртқасы ағзадағы радионуклеидтер мен холестеринді шығарып, гастрит, асқазан жарасын, туберкулез, қант диабетін, әртүрлі диатез бен аллергияларға пайдалы екендігін анықтады

Ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда бөдененің ауруларға қарсы тұрақтылығы оның дене температурасы ауыл шаруашылық құстарының басқа түрлеріне қарағанда 2°C жоғарылығымен байланыстырады. Бөдененің дене температурасының жоғары болуы, олардың қарқынды зат алмасуымен байланысты. Үй бөденесі жұқпалы ауруларға, токсикалық заттардың әсеріне және күйзеліске төзімді. Олар дәрумендер мен аминқышқылдарына бай, гипоаллергенді. Бөдене жұмыртқаларын жүйелі пайдалану ағзаның әртүрлі ауруларға, оның ішінде туберкулезге қарсы күресуін жоғарылатады. Оларды Чернобыль апатынан сәулелі

ауруға ұшыраған балалар ем ретінде пайдаланғанда, өздерін жақсы сезінген: мұрындарының қанауы, бас айналулары тоқтап, қандағы гемоглабин мөлшері жоғарылаған [2].

Әлемде негізінен бөдене шаруашылығының дамуы екі бағытта жүргізіліп отыр. Алғашқысы - бөденелерді биологиялық, медициналық және ветеринарлық зерттеудің зертханалық нысаны ретінде пайдалану болса, екіншісі - бөдене шаруашылығының өнімдерін дәмді деликатестік әрі диеталық тағам ретінде және де биологиялық және парфюмдік өндірістің шикізаты ретінде пайдалану болып табылады.

Соңғы уақыттарда бөдененің еті мен жұмыртқасын пайдалану белең ала бастады.

Қазірдің өзінде елімізде бөдене өсірумен шұғылданатын шаруашылықтар тіркелген, олардың еті мен өнімдері дүкен сөрелерінде көптеп орын алған.

Санкт-Петербург радиациялық гигиена ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары ақ егеуқұйрыққа жүргізген тәжірибе кезінде оның бөдене жұмыртқасынан дайындалған тағамды жегенде сәуле ауруы жеңіл түрде болатынын дәлелдеді. Зерттеу кезінде олардың дене салмағы тұрақтанып, ауруға қарсы тұру қабілеті тез қалпына келіп, қан алмасу үдерісі жақсарғаны анықталған [3].

Бөдене күйзеліске, токсикалық заттардың әсеріне және жұқпалы ауруға төзімді. Олар витаминдер мен аминқышқылдарына бай, гипоаллергенді. Бөдене жұмыртқаларын жүйелі пайдалану ағзаның әртүрлі ауруларға, оның ішінде түберкулезге қарсы күресуін жоғарылатады. Оларды шикі күйінде пайдалану гемоглабинді көтереді. Бөдене қауызы жұқа, ал тығыз қауыз асты қабықшасы бар. Жапон бөденесінің жұмыртқасы қант диабетін, гастрит, асқазан жарасын, түберкулез, әртүрлі диатез бен аллергияларды емдейді, ағзадағы радионуклеидтер мен холестеринді шығарады [4].

Бөдене өсірушілерді мазалайтын сұрақтардың бірі мекиендер әсіресе қысқы мерзімде өз жұмыртқаларын шұқып тастайтын жағдайлар көптеп кездесуде. Оның бірнеше себептері бар. Олардың бірі: бөдене организмінде микро, макро элементтердің жетіспеуінен және кальцийдің мөлшерінің азаюынан болса, тағы бір жорамал D дәруменінің жетіспеуінен болуы ықтимал [5].

Бөдене мекиендері жұмыртқаларын шұқып тастауынан шаруаның шаруасы тұралап қалады, өнімнің сапасы кемиді, келтірілетін шығын молаяды. Мұндай олқылықтарға жол бермес үшін бөденені қосымша азықпен азықтандыру қажеттігі туындауда. Ол биологиялық қоспа лактобифадол. Сондықтан қосымша азықтық қоспалармен азықтандырылған бөдене етінің сапасын анықтау қажеттігі туындады. Осыған байланысты бөдене еті мен ішкі ағзаларын ветеринариялық-санитариялық сараптап, ұшасының морфологиялық құрылымын, химиялық құрамын, тағамдық құндылығы мен қауіпсіздігін анықтау және практикалық тұрғыдан дәйектеу өзекті мәселенің бірі болып табылады. Бөдененің үй құстары сияқты ет пен жұмыртқасы құнды диеталық өнім, бөденелер тез өнім беріп, жылдам өсіп-жетілуімен ерекшеленеді. Инкубаторға жұмыртқаларды салғаннан бастап ересек болуына 30 тәулік қажет болса, 35-40 тәулігінде жұмыртқалай бастайды [6].

Бөденені адамзат ерте замандардан пайдалануда. Бөдене жұмыртқа мен ет өнімдерін алу үшін өсіретін елдер қатарында Жапонияда қазіргі уақытта жылына 19 миллиардқа жуық бөдене жұмыртқасы өндіріледі. Қытайда Вукси қаласында арнайы бөдене шаруашылығының институты бар. Қазіргі кезде бөденелерді өндірістік жолмен көбейтіп өсірумен әлемнің көптеген елдері шұғылдануда. Қытай мен Үндістанда ғылыми-зерттеу институттары, ал Жапонияда ғылыми орталық құрылған.

БҰҰ жанындағы Бүкіләлемдік Азық-түлік ұйымының (ФАО) бекіткен нормасына сәйкес, шектелмейтін қауіпсіз импорт көлемі – 17 %. Жұмыртқа импорты бойынша қауіпсіз деңгейден аса қойғанымыз жоқ. Ал тауық еті бойынша қауіпсіз деңгейден қауіпті деңгейге әлдеқашан көшіп кеттік. Оның көрсеткіші төрт есені құрап отырған көрінеді. Химиялық қоспадан тұратын «Магги», «Галина бланка» секілді тауық сорпасының дәмін беретін ұнтақ дәмдеуіштер шығарылуда [7].

Енді мәселенің мән-жайын түсіну үшін әлемдік тәжірибеге назар аударып көрелік. 2004-2007 жылдар аралығында еліміздегі құс етін тұтыну көлемі 88 мың тоннаға (немесе 73%) өссе, ал Ресейде осы жылдар аралығындағы бұл көрсеткіш 670,9 мың тоннаға (немесе 29%) артқан. Дей тұрғанмен, біз бұл жердегі Ресейдің жағдайы бізге қарағанда алқамшүкір екендігін олардың импортқа тәуелділігінің төмендігінен байқаймыз. Мәселен, осы жылдар аралығында біздің нарықтағы құс етінің 68-70 пайызын импорт құраса, ал Ресейдегі импорт көлемі 48-49, ал

кейінгі жылдары 39 пайызды ғана құраған. Яғни солтүстіктегі көршіміздің өздерінің құс шаруашылығын мықтап қолға ала бастағандығын айқын аңғарамыз [8].

Зерттеу мақсаты: Бөденелерге әсер ететін стрестік факторлар анықтау. Стресс - организмге ұзақ жүретін (бірнеше сағатқа немесе күнге созылатын) реакция.

Зерттеу әдістері мен материалдары: бөденелер, су беру әдістері, термометрия, ұстау әдістері.

Алынған нәтижелер мен талдаулар: Организмнің стресске бейімделу барысы үш кезеңнен немесе сатыдан өтеді. Организмнің стресске бейімделу барсы үш кезеңнен немесе сатыдан өтеді. Стрестік күйлер азық, су жетпегенде немесе олардың мөлшері аз болғанда пайда болады, осы жағдайда күшті бөденелер өзінен төменгі рангтегілерді қауалай бастайды, нәтижесінде олар азып жүдейді және өндірістен шығарылады.

Стрестік жағдайлар бөдененің бас санына орай едендік аудандардың жеткіліксіз болуынан туындайды. Әсіресе бұл жағдай топтағы тәртіптің орнатылу кезінде ушыға түседі, яғни тітіркендіргіштердің әсерінен үйірде үлкен жастағы бөденелерден агрессия туындағанда басқалары олардың алшақ қашықтықта болулары керек. Едендік ауданның, яғни территорияның жеткіліксіз болуынан бөденелер стресс алады. Кейбір бөденелерде стрестік жағдайлар қатты күйзеліске әкеледі, естері ауады. Көюіне төменгі рангтегі бөденелер көп стрестік жағдайларға ұшырайды.

Стрестік жағдайлар оларды аулау мен тасымалдау кезінде болады, осындай жағдайлар көп шу тудырады, қимыл әрекеттер шапшаңдайды, нәтижесінде балапандар үркіп қалады. Тасымалдау кезінде балапандар жәшіктерде қозғалмастан отыруға мәжбүр болады, көп жағдайда шоғырланып отырады, оларға ауа жетпейді, ортаның температурасы қолайсыз болады. Стрестік жағдайды азайту үшін бөденелерді жәшікке орналастырудың қатаң тәртібін сақтау керек, әсіресе бөденелері бар жәшіктерді күн астында, желде, суықта, далада қалдыруға болмайды. Бөденелерді шусыз, бөлмені қараңғылап барып ұстайды.

Зерттеулерге қарағанда бөдененің ауруларға қарсы тұрақтылығы оның дене температурасы ауылшаруашылық құстарының басқа түрлеріне қарағанда 2°C жоғарылығымен байланыстырады. Бөдененің дене температурасының жоғары болуы, олардың қарқынды зат алмасуымен байланысты. Үй бөденесі жұқпалы ауруларға, токсикалық заттардың әсеріне және күйзеліскетөзімді. Олар дәрумендер мен аминқышқылдарына бай, гипоаллергенді. Бөдене жұмыртқаларын жүйелі пайдалану ағзаның әртүрлі ауруларға, оның ішінде түберкулезге қарсы күресуін жоғарылатады. Оларды Чернобыль апатынан сәулелі ауруға ұшыраған балалар ем ретінде пайдаланғанда, өздерін жақсы сезінген: мұрындарының қанауы, бас айналулары тоқтап, қандағы гемоглабин мөлшері жоғарылаған.

Әлемде негізінен бөдене шаруашылығының дамуы екі бағытта жүргізіліп отыр. Алғашқысы – бөденелерді биологиялық, медициналық және ветеринарлық зерттеудің зертханалық нысаны ретінде пайдалану болса, екіншісі - бөдене шаруашылығының өнімдерін дәмді деликатестік әрі диеталық тағам ретінде және де биологиялық және парфюмдік өндірістің шикізаты ретінде пайдалану болып табылады.

Бөдене күйзеліске, токсикалық заттардың әсеріне және жұқпалы ауруға төзімді. Олар витаминдер мен аминқышқылдарына бай, гипоаллергенді. Бөдене жұмыртқаларын жүйелі пайдалану ағзаның әртүрлі ауруларға, оның ішінде түберкулезге қарсы күресуін жоғарылатады. Оларды шикі күйінде пайдалану гемоглабинді көтереді.

Бөдененің үй құстары сияқты ет пен жұмыртқасы құнды диеталық өнім, бөденелер тез өнім беріп, жылдам өсіп-жетілуімен ерекшеленеді. Инкубаторға жұмыртқаларды салғаннан бастап ересек болуына 30 тәулік қажет болса, 35-40 тәулігінде жұмыртқалай бастайды.

Бөдене қауызы жұқа, ал тығыз қауыз асты қабықшасы бар. Жапон бөденесінің жұмыртқасы қант диабетін, гастрит, асқазан жарасын, түберкулез, әртүрлі диатез бен аллергияларды емдейді, ағзадағы радионуклеидтер мен холестеринді шығарады.

Бөдене өсірушілерді мазалайтын сұрақтардың бірі мекиендер әсіресе қысқы мерзімде өз жұмыртқаларын шұқып тастайтын жағдайлар көптеп кездесуде. Оның бірнеше себептері бар. Олардың бірі: бөдене организмінде микро, макро элементтердің жетіспеуінен және кальцийдің мөлшерінің азаюынан болса, тағы бір жорамал D дәруменінің жетіспеуінен болуы ықтимал.

Бөдене мекиендері жұмыртқаларын шұқып тастауынан шаруаның шаруасы тұралап қалады, өнімнің сапасы кемиді, келтірілетін шығын молаяды. Мұндай олқылықтарға жол

бермес үшін бөденені қосымша азықпен азықтандыру қажеттігі туындауда. Ол биологиялық қоспа лактобифадол. Сондықтан қосымша азықтық қоспалармен азықтандырылған бөдене етінің сапасын анықтау қажеттігі туындады. Осыған байланысты бөдене еті мен ішкі ағзаларын ветеринариялық-санитариялық сараптап, ұшасының морфологиялық құрылымын, химиялық құрамын, тағамдық құндылығы мен қауіпсіздігін анықтау және практикалық тұрғыдан дәйектеу өзекті мәселенің бірі болып табылады.

Қорытынды. Бөдене шаруашылығын дамытуға стресттік факторлар кері әсерін тигізеді. Стресттік жағдайлар бөденелерді тасымалдау кезінде болады, осындай жағдайлар әсерінен шу тудырады, қимыл - қозғалыстары шапшаңдайды, соның әсерінен балапандар үркіп қалады. Бөденелерде болып жатқан стресттік факторларды төмендету үшін бөденелерді жәшікке орналастырудың қатаң тәртібін сақтау керек, әсіресе бөденелері бар жәшіктерді күн астында, желде, суықта, далада қалдыруға болмайды. Бөденелерді шусыз, бөлмені қараңғылап барып ұстайды. Стресттік факторлар бөденелердің өнімділігіне, олардың қимылдарына және осы жағдайлардан өліп кетуіне де әсері болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Б.Р. Әкімбеков., М.Қ. Байбатшанов., Р. Қадыек «Ауыр шаруашылық құстарының түрлері мен кросстары» Алматы, 2009. – 55-57 б
- 2 Махатов Б.М., Мелдебеков А., Абрикосова В.И., Байбатшанов М.К. Бөдене өсіру ерекшеліктері. – Алматы, 2010. – 102 б.
- 3 Махатов Б.М., Мелдебеков А., Абрикосова В.И., Байбатшанов М.К. Перепеловодство. – Алматы, 2010. – 232 с.
- 4 Иванова С.В. Постэмбриональное развитие перепелов: Автореф. дис. канд. с/х наук : Москва, 1975. – 22-28с.
- 5 Жұмагелдиев А.Ә. Малдәрігерлігі ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған автореферат. – Алматы, 2007. – 330 б.
- 6 Пигарева М.Д., Афанасьев Г.Д. Перепеловодство. Москва, Росагропроиздат. 1989. – 12-19 с.
- 7 Гушин В., Кроик Л. Перепеловодства должно развиваться // Птицеводство. – 2003. – С. 22-23.
- 8 Белякова Л., Кочетова З. Технология выращивания и содержания перепелов // Птицеводство. – 2006. – С. 23-25.

РЕЗЮМЕ

В статье приведены стрессовые факторы, влияющие на организм перепелок, и описаны изменения в организме перепелок, происходящие под воздействием стрессовых факторов.

RESUME

The article presents the stress factors affecting the body quail, and describes the changes in the body quail occurring under the influence of stress factors.